

Жобаның атауы, ИИ	AP09260122 - Иммунологиялық қауіп жоғары ағзалық транспланттауға үміткерлерді операция алдындағы кешенді дайындау шеңберінде екі фазалы десенсибилизациялаушы терапияны қолдану
Иске асыру мерзімі	01.03.2021 – 31.12.2023
Жабаның жетекшісі	Абдрахманова Сания Алишевна – медицина ғылымдарының кандидаты
Жобаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы	<p>Ағзаны (бауыр/бүйрек) транспланттау - бүйрек/бауыр ауруларының жантәсілім сатыларымен науқастарды емдеудің жалғыз радикалды әдісі. ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметтерді үйлестіру жөніндегі республикалық орталығының» деректері бойынша 2020 жылдың тамыз айында 2700 адам бүйрек трансплантациясын күту парағында тіркелген. Бұл санға бүйрек алмастыру терапиясы (диализ) басталмаған 4-5 сатыдағы Созылмалы Бүйрек Ауруы (СБА) диагнозы қойылған пациенттердің үлкен когорты кірмейді. Пациенттердің бұл тобы күту тізіміне әлі енгізілмеген, алайда оларға бүйрек трансплантациясы көрсетілген. Шектеулі эпидемиологиялық деректерді, жалпы білместікті және зертханалық қызметтерге қол жетімділіктің жеткіліксіздігін ескеріп, мұндай сандар бүйрек пен бауыр ауруы болатын шынайы проблеманы елеусіз қалдыруы мүмкін.</p> <p>Анамнезінде қайталанған жүктілігі, гемотрансфузиясы және ағзалық/тіндік трансплантациялары бар бүйрек/бауыр ауруларының терминалдық сатысымен пациенттер иммунологиялық қауіп жоғары пациенттер тобына жатады. Трансплантацияға жоғары сезімталданған үміткерлер иммунологиялық қауіп жоғары болғандықтан донорлық ағзаларға шектеулі қол жетімділікке тап болады. Сенсбилизация - трансплантацияның сәтті нәтижесіндегі маңызды кедергілердің бірі, көбінесе антиденеге негізделген қабылдамауға әкеледі. Десенсибилизациялаушы хаттамаларды пайдалану пациенттердің осы когортының трансплантацияның сәтті нәтижесіне жету мүмкіндігін арттырады. Иммунологиялық қауіп жоғары реципиенттерді кешенді даярлаудың (десенсибилизация) және операциядан кейінгі мониторингтің бейімделген хаттамасын әзірлеу және енгізу трансплантацияға жоғары сенсбилизацияланған үміткерлердің мүмкіндігін, үйлесімді донорларды таңдауды арттырады, сондай-ақ графтты қабылдамау қаупін азайтады, графттың өмір сүру ұзақтығын арттырады және бауырдың/бүйректің терминалдық аурулары бар пациенттердің өлімін азайтады.</p>
Жобаның мақсаты	Жоғары сенсбилизацияланған реципиенттер үшін донорлар пулының ұлғаюына әкелетін трансплантацияға үміткерлерді кешенді дайындаудағы десенсибилизациялаушы терапияның тиімділігін бағалау.

Күтілетін нәтижелер

1. Тірі кезінде және қайтыс болғаннан кейін донор болған кезде пациенттердің күту парағында және транспланттауға үміткерлерде иммунологиялық қатердің төмендеуі
2. Бүйрек/бауыр реципиенттерінде асқынған және жіті қабылдамау қаупін төмендету
3. Бауыр/бүйрек трансплантациясынан кейін графт пен реципиенттің өмір сүру көрсеткіштерін жақсарту
4. Халықаралық журналда 3 мақала жариялау (импакт фактор 0.5-5.0; мақсатты журналдар Transplant International (impact factor- 3.177, cite score percentile – 70) Transplantation Proceedings (impact factor-0.784, cite score percentile-40%; Transplantation Reviews (impact factor-3.262, cite score percentile 81%)
5. ҚР БҒМ КОКСОН ұсынған басылымдарда мақала жариялау (мақсатты журналдар - Қазақстанның клиникалық медицинасы, Астана Медицина журналы)
6. Ұсынылған жобаның нәтижесінде дәлелді медицина қағидаттары негізінде бүйрек/бауыр трансплантациясы бойынша ұлттық хаттамаларға бүйрек/бауыр реципиенттерін десенсибилизациялау хаттамасын әзірлеу және енгізу
7. Иммунологиялық қаупі жоғары ағзалық транспланттауға үміткерлерді десенсибилизациялау бойынша әдістемелік құралды әзірлеу және жариялау
8. Иммунологиялық қаупі жоғары пациенттер тобы үшін десенсибилизациялайтын хаттамаларды қолданудың тиімділігі туралы трансплантолог дәрігерлер арасында оқыту семинарларын өткізу.

Зерттеу тобы

Жобаның жетекшісі:

Абдрахманова Сания Алишевна (ORCID ID: 0000-0003 0782-1795) – «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК, Басқарма төрағасы.

Орындаушылар:

Спатаев Жанат Сейтбаталлович (ORCID ID: 0000-0003-1659-431X) – «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» ЖШС, бауыр трансплантациясы және гепатопанкреатобилиарлы хирургия бөлімшесінің меңгерушісі.

Жексембаев Асан Айтмуқашевич - «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» ЖШС, бауыр трансплантациясы және гепатопанкреатобилиарлы хирургия бөлімшесі - хирург дәрігері.

Асықбаев Мәлс Нурсейтович - «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» ЖШС, урология, нефрология және бүйрек трансплантациясы орталығының меңгерушісі.

Абдугафаров Сайткарим Абдугапирович (ORCID ID: 0000-0003-2386-0997) - «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» ЖШС, урология, нефрология және бүйрек трансплантациясы орталығы - хирург-трансплантолог.

Сапарбай Джамия Жумабековна (ORCID ID: 0000-0002-8478-5452) - «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» ЖШС, ғылым бөлімінің бастығы.

Турганбекова Аида Аскарқызы (ORCID ID: 0000-0002-1514-5910) - «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК, тіндерді иммунологиялық типтеу зертханасының басшысы.